Қаратөбе ауданы.
Соналы жалпы орта білім беретін мектебі

***САБАҚ: Қазақтың ұлттық және зияткерлік ойындары (Тоғызқұмалақ ойыны).***

***Тақырыбы: Қазақтың ұлттық ойындары.***

***Күні: 15.11.2017***
***Сынып: 5***

***Өткізген: Дене шынықтыру мұғалімі Дуйсенов Ж.А***

## Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:

***5.2.7.7 Жарыс кезінде әділ ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету және түсіндіру.***

## Сабақ мақсаттары:

***Барлық оқушылар орындай алады:***

*- ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлықтарын көрсетеді және түсінеді.*

***Көпшілік оқушылар орындай алады:***

*- ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлықтарын көрсетеді және біледі.*

***Кейбір оқушылар орындай алады:***

*- ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлықтарын көрсетеді, түсінеді және өзгеге оқушыларға үйрете алады.*

## Жетістік критерийлері:

*1.Ойын тарихын, ережелерін біледі.*
*2.Ойын комбинацияларын реттілікпен орындайды.*
*3.Тез есептеп, уақытпен ойнайды.*

## Тілдік мақсаттар:

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер.**

*Тоғызқұмалақ – тогызкумалак – toqyzkymalak*
*Сағат – часы - clock*
*Отау – гнездо - nest*

## Пән аралық байланыстар:

*Сурет, ағылшын тілі, орыс тілі, математика, тарих.*

## Алдыңғы меңгерілген білім:

*Гимнастикалық жиынтықтың негізін құру.*

## Дескрипторлар:

- *тоғызқұмалақ ойынын ойнап үйренеді;*
- *құмалақ санын тез есептеу жолдарын үйренеді;*
- *уақытпен ойнап үйренеді;*
- *жазып ойнау жолдарын үйренеді.*

## **Сабақтың жоспарланған кезеңдері:**

**Сабақтың басы:**

*- оқушылармен амандасу,түгендеу;*

*-2 топқа бөлу; ( топшамалар арқылы 1 топ – «Қырандар»,*
*2 топ – «Тапқырлар»)*

*- топтастыру стратегиясы.*

**ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ**

- Қазақша күрес
- Ат жарыс
- Арқан тартыс
- **Тоғызқұмалақ ойыны**

*- сабақтың мақсатымен таныстыру.*

- *тоғызқұмалақ ойыны кезінде кезінде әділ ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету және түсіндіру.*

## Сабақтың ортасы:

•*Тоғызқұмалақ ойынының тарихына шолу жасау (бейнеролик арқылы);*

•*тоғызқұмалақ ережесімен таныстыру;*




•*тоғызқұмалақ тақтасымен таныстыру; (тақтада отаулар 1,2,3,4,5,6,7,8,9 сандарымен белгіленген, тақтада 18 отау, 2 қазан болады).*




маңдай
көкмойын
белбасар
бел
атөтпес
кешпелі
таңдық
Отау
ҚАЗАН
ҚАЗАН
Отау
1
2
3
4
5
6
7
8
9

•барлық құмалақтар санын шығару; (барлық құмалақтар саны 162 құмалақ).

•қалай жүру керектігін үйрету; (1-ші отаудан, 9-шы отауға қарай, яғны солдан, оңға қарай).

•тұздық алу жолдарын үйрету; (тұздықты 9-шы отаудан басқа, кез-келген отаудан алуға болады).

•уақытпен ойнауды үйрету; (уақытпен ойнау «блиц» деп аталады, оны арнайы уақыт қойып ойнайды).

- жазып ойнауды үйрету ( Мысалы, 29-110: (10) 2 отау саны, 9 сол отаудағы құмалтар саны, 110 қарсыласының 1 отауындағы 10 құмалақты алғаны, ал қос нүкте белгісі, оның табысты жүріс екенін білдіреді).




маңдай
көкмойын
қандықақпан
белбасар
бел
атсұратар
атөтпес
кешпелі
таңдық
Отау
ҚАЗАН
ҚАЗАН
Отау
1
2
3
4
5
6
7
8
9

# Тоғызқұмалақ тақтасының үлгісі


а ә б г ғ д е ж з
Отау
ҚАЗАН
ҚАЗАН
Отау
1 2 3 4 5 6 7 8 9


9 8 7 6 5 4 3 2 1
Отау
қазан
қазан
Отау
1 2 3 4 5 6 7 8 9

# Тұздық алу



а ә б в г ғ д е ж
Отау
Тұздық
қазан
қазан
Отау
1 2 3 4 5 6 7 8 9

# Ат сұрау


9 8 7 6 5 4 3 2 1
Отау
ҚАЗАН
ҚАЗАН
Отау
1 2 3 4 5 6 7 8 9

**Сабақтың аяғы:**

•*рефлексия арқылы арқылы жұмыстану;*

•*оқушылар өз жұмысы мен сыныптастарының жұмысын «Бас бармақ» тәсілі арқылы бағалайды.*

**Бағалау:**




**Ресурстар:**

*Топшамалар, топ аттары, интербелсенді тақта, бейнероликтер, тоғызқұмалақ тақталары, сағаттар, суреттер.*

# Дифференциалды оқыту:

***Барлық оқушылар орындай алады:***

*Тоғызқұмалақ ойынын ойнайды және тапсырмаларды орындай  алады.*

***Көпшілік оқушылар орындай алады:***

*Құмалақ санын тез есептеуді орындай алады,  уақытқа ойнауды орындай  алады және көресете алады.*

***Кейбір оқушылар орындай алады:***

*Жазып ойнауды орындай алады және басқа ойыншыға үйрете алады.*

**Сабақ бойынша рефлексия:**

- *тоғызқұмалақ ертеде қалай аталған?*
- *тоғызқұмалақ тақтасында неше отау бар?*
- *тоғызқұмалақ тақтасында неше құмалақ бар?*
- *ойын бастаушы ойынды қалай бастау керек?*
- *тұздықты нешінші отаудан алуға болмайды?*
- *уақытпен ойнауды үйрендің бе?*
- *уақытпен ойнау қалай аталады?*
- *жазып ойнауды үйрендің бе?*

***Назарларыңызға рахмет!***